



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Депутаты,  
«NUR OTAN» партиясы  
фракциясының мүшесі  
Э.Б. Сүлейменоваға**

*2021 жылғы 21 сәуірдегі №ДС-159*

**Құрметті Зульфия Болатқызы!**

Сіздің су қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап мынаны хабарлаймын.

Қазақстанның су қауіпсіздігі мәселелері екі жақты және көп жақты форматта шектес елдермен өзара тиімді ынтымақтастық орнату жолымен шешіледі. Траншекаралық ынтымақтастықты жүзеге асырумен қатар жаңа Су кодексінің тұжырымдамасын әзірлеу басталды, оның негізгі қағидаты елдің су ресурстары әлеуетін сақтау мәселесі болады.

*Су саясатын шоғырландыруға және су ресурстарын басқару жүйесін оңтайландыруға қатысты*

2019 жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігін (бұдан әрі – Экология министрлігі) құру жер асты сулары мен судың сапасын қоса алғанда, су қорын пайдалану және қорғау саясатын қалыптастыру және іске асыру, гидрологиялық және гидрохимиялық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау сияқты маңызды функцияларды бір мемлекеттік органда шоғырландыруға мүмкіндік берді. Экология министрлігі су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі міндеттерді толық көлемде іске асыруға мүмкіндік беретін қажетті құзыреттер мен өкілеттіктерге ие.

Су ресурстарын пайдалану және қорғау мәселелерінде мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың үйлестіруін күшейтудің одан арғы мәселелерін, сондай-ақ саланы басқарудың тиімділігін жақсартуды заңнаманы жетілдіру шеңберінде, атап айтқанда жаңа Су кодексін әзірлеу кезінде қарау жоспарлануда.

Осы кодекстің маңызды сәттерінің бірі жеке тұлғалардың, аграрийлер мен кәсіпорындардың суды тиімді тұтынуын ынталандыратын жүйелі нормаларды енгізу, кәсіпорындар мен тұрғын үй-коммуналдық салада суды пайдалану мен

тазартудың тұйық циклын ынталандыру болуға тиіс. Сондай-ақ су ресурстарын басқару жүйесіндегі мемлекеттік органдардың құзыреті қайта қаралатын және нақтыланатын болады.

Сондай-ақ әзірленіп жатқан су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобада (бұдан әрі – Ұлттық жоба) су ресурстарын басқару жүйесін оңтайландыру бөлігінде су ресурстарын басқаруды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарланады.

Анықталған проблемалардың жұмыс істеуін талдау және оларды шешу жолдарын таңдау құралын құру қабылданатын шешімдердің тиімділігін және қажетті қаржылық шығындардың негіздемесін едәуір арттыруы тиіс.

*Су мамандары тапшылығына қатысты*

Су жөніндегі Ұлттық жобада елдің су қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің бірі су саласы мамандарын даярлау және қайта даярлау жүйесінің жетілмегендігі болып отыр.

2020 жылдың қыркүйек айында М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан су шаруашылығы институты ашылды. Қазіргі уақытта аталған институтта 1000-ға жуық студент білім алуда. Осы институттың білім беру базасын дамыту үшін Су жөніндегі ұлттық жобада 2022 жылға инновациялық пәндерді қоса отырып, жаңартылған білім беру бағдарламасын әзірлеу жоспарланған.

Сондай-ақ, өткен жылы кадрларды қайта даярлау бойынша екі орталық (Алматы және Петропавл қалаларында) құрылды. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің базасында аталған орталықтар үшін кадрларды қайта даярлау бағдарламасы әзірленуде.

*Су орталықтарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қатысты*

2020 жылғы қыркүйекте су саласын дамытудың негізгі орталығы болуы тиіс Қазақ Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – ҚазСШҒЗИ) Экология министрлігінің қарамағына берілді.

ҚазСШҒЗИ 1950 жылы құрылған. Институттың ғылыми-зерттеу қызметі Қазақстан Республикасында суармалы егіншіліктің тиімділігін арттыруға, суармалы жерлердің топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге және арттыруға, агроқұрылымдарда су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, ауыз судың сапасын жақсартуға, суару, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жайылымдарды суландыру жүйелерін қалпына келтіруге, реконструкциялауға және құруға бағытталған.

Институт балансында:

тәжірибелік-өндірістік учаске, ауданы 36,5 га;

аумағы 4,7 га озық су үнемдеу технологиялары мен суаратын техника түрлерінің демонстрациялық учаскесі және топырақтың экологиялық-мелиорациялық процестерін зерттеуге арналған лизиметриялық павильон;

заманауи аспаптармен және жабдықтармен жабдықталған куәландырылған мамандандырылған топырақ-химиялық зертхана;

станок паркінің 16 бірлігі бар 2 механикалық цехтан тұратын жалпы ауданы 1200 м<sup>2</sup> эксперименттік-механикалық шеберхана;

жалпы ауданы 450 м<sup>2</sup> болатын 4 мамандандырылған зертхана бар.

Институттың ғылыми бөлімшелері ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті құралдармен және жабдықтармен жабдықталған.

ҚазСШҒЗИ зерттеулері мен әзірлемелерінің нәтижелерін коммерцияландыру суармалы егіншілікпен айналысатын шаруашылықтарда технологиялар мен әзірлемелерді енгізу және ғылыми қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

Келесі технологиялар енгізілді:

тамшылатып суару және ұсақ дисперсті жаңбырлатудың ресурс үнемдейтін технологиялары;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің тарақты технологиясы;

су-жер ресурстарын экологиялық-мелиоративтік басқарудың интеграцияланған технологиялары;

төмен қысымды тамшылатып суару технологиясы;

көкөніс және жем-шөп дақылдарын ұсақ дисперсті жаңбырлату технологиясы;

суды есепке алуды және суды бөлуді Автоматтандыру технологиясы;

ұңғыманың шегендеу бағанасында минералданған жер асты суларын Кері Осмостық әдіспен тұщыландыру бойынша технологиялық жабдық.

ҚазСШҒЗИ материалдық-техникалық қамтамасыз етуді нығайту мәселелерін 001 «Экология, геология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде қарау жоспарлануда.

Ұлттық жобаның басым бағыттарының қатарына «су» дипломатиясын нығайту жолымен мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, су ресурстарын цифрландыру, есепке алу және мониторингілеу, сондай-ақ елді су үнемдеудің инновациялық жолдарын әзірлеу және сумен қамтамасыз етуді арттыру бөлігінде жобалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстар жүргізу мәселелері кіреді.

**А. Мамин**

Депутату  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
члену фракции партии  
«NUR OTAN»  
Сулейменовой З.Б.

*На №ДС-159 от 21 апреля 2021 года*

### **Уважаемая Зульфия Булатовна!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно вопросов водной безопасности сообщая следующее.

Вопросы водной безопасности Казахстана решаются путем установления взаимовыгодного сотрудничества с сопредельными странами в двустороннем и многостороннем формате. Наряду с осуществлением трансграничного сотрудничества начата разработка концепции нового Водного кодекса, основным принципом которого будет вопрос сохранения водноресурсного потенциала страны.

*Касательно консолидации водной политики и оптимизации системы управления водными ресурсами*

Создание в 2019 году Министерства экологии, геологии и природных ресурсов (далее – Минэкология) позволило сконцентрировать в одном государственном органе такие важные функции, как формирование и реализация политики по использованию и охране водного фонда, включая подземные воды и качество воды, сбор, обработка и анализ гидрологической и гидрохимической информации. Минэкология обладает необходимыми компетенциями и полномочиями, позволяющими в полной мере реализовывать задачи по эффективному управлению водными ресурсами.

Дальнейшие вопросы усиления координации государственных органов, юридических и физических лиц в вопросах использования и охраны водных ресурсов, а также улучшения эффективности управления отраслью планируется рассмотреть в рамках совершенствования законодательства, в частности при разработке нового Водного кодекса.

Одним из ключевых моментов данного кодекса должно стать внедрение системных норм, побуждающих эффективное водопотребление физическими лицами, аграриями и предприятиями, стимулирование замкнутого цикла водопользования и очистки на предприятиях и в жилищно-коммунальной сфере. Также будут пересмотрены и уточнены компетенции государственных органов в системе управления водными ресурсами.

Также, в разрабатываемом Национальном проекте по управлению водными ресурсами (далее – Нацпроект) в части оптимизации системы

управления водными ресурсами планируются мероприятия по развитию системы информационно-аналитического обеспечения управления водными ресурсами.

Создание инструмента анализа функционирования и выбора путей решения выявленных проблем должно повысить в разы эффективность принимаемых решений и обоснование необходимых финансовых затрат.

*Касательно дефицита специалистов-водников*

Одной из угроз водной безопасности страны в Нацпроекте рассматривается несовершенство системы подготовки и переподготовки специалистов водной отрасли.

В сентябре 2020 года при Таразском региональном университете имени М.Х. Дулати открыт Институт водного хозяйства. В настоящее время в данном институте проходит обучение порядка 1000 студентов. Для развития образовательной базы данного института в Нацпроекте на 2022 год запланирована разработка обновленной образовательной программы с включением инновационных дисциплин.

Также, в прошлом году создано два центра (в г. Алматы и г. Петропавловск) по переподготовке кадров. На базе Казахского национального аграрного университета ведется разработка программы переподготовки кадров для данных центров.

*Касательно материально-технического обеспечения водных мозговых центров*

В сентябре 2020 года в ведение Минэкологии передан Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства (далее – КазНИИВХ), который должен стать основным центром развития водной отрасли.

КазНИИВХ создан в 1950 году. Научно-исследовательская деятельность Института направлена на повышение эффективности орошаемого земледелия в Республике Казахстан, восстановление и повышение плодородия почв орошаемых земель, повышение эффективности использования водных ресурсов в агроформированиях, улучшение качества питьевой воды, восстановление, реконструкцию и создание систем орошения, сельхозводоснабжение и обводнение пастбищ.

На балансе института имеются:

опытно-производственный участок, площадью 36,5 га;

демонстрационный участок площадью 4,7 га передовых водосберегающих технологий и видов поливной техники и лизиметрический павильон для изучения эколого-мелиоративных процессов почв;

освидетельствованная специализированная почвенно-химическая лаборатория, оснащенная современными приборами и оборудованием;

экспериментально-механическая мастерская общей площадью 1200 м<sup>2</sup>, состоящая из 2 механических цехов с 16 единицами станочного парка;

4 специализированных лаборатории общей площадью 450 м<sup>2</sup>.

Научные подразделения института для выполнения научно-исследовательской работы оснащены необходимыми приборами и оборудованием.

Коммерциализация результатов исследований и разработок КазНИИВХ осуществляется путем внедрения и научного обеспечения технологий и разработок в хозяйствах, занимающихся орошаемым земледелием.

Были внедрены следующие технологии:

ресурсосберегающие технологии капельного орошения и мелкодисперсного дождевания;

гребневая технология возделывания сельскохозяйственных культур;

интегрированные технологии эколого-мелиоративного управления водоземельными ресурсами;

технология низконапорного капельного орошения;

технология мелкодисперсного дождевания овощных и кормовых культур;

технология автоматизации водочёта и водораспределения;

технологическое оборудование по опреснению минерализованных подземных вод обратным осмотическим методом в обсадной колонне скважины.

Вопросы укрепления материально-технического обеспечения КазНИИВХ планируется рассмотреть в рамках республиканской бюджетной программы 001 «Услуги по координации деятельности в сфере экологии, геологии и природных ресурсов».

В число приоритетных направлений Нацпроекта войдут вопросы совершенствования межгосударственных водных отношений путем укрепления «водной» дипломатии, цифровизация, учет и мониторинг водных ресурсов, а также проведение проектных, изыскательских, научно-исследовательских и конструкторских работ в части разработки инновационных путей водосбережения и повышения водообеспеченности страны.

**А. Мамин**